



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Сақ стилі» сериясынан номиналы 1 000 теңгелік жаңа банкнотаның қорғаныш элементтері туралы

Астана қ.

2025 жылғы 3 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2025 жылғы 28 наурыздан бастап номиналы 1 000 теңгелік жаңа банкнота айналымға [шығарылғанын](#) еске салады.

Бұл «Сақ стилі» сериясымен шыққан [төртінші банкнота](#). Ол дәстүрлі қазақ орнаментінің бастау көзі саналатын «Сақ стилінің» элементтеріне негізделген және ел мұрасы – көшпенділердің бірегей мәдениетінен қазіргі Қазақстанға дейінгі тарихын бейнелейді.

ҚҰБ шынайы банкноталарды жалған ақшадан әр адам өз бетінше ажыратуға көмектесетін қарапайым ережелер бар екенін еске салады және 2025 жылғы үлгіде шыққан жаңа дизайндағы 1 000 теңгелік банкноталардың қорғаныш элементтерін ұсынады. Осы әдіс банкноталардың түпнұсқасын анықтауға мүмкіндік береді.

Ақша белгісінің қорғаныш элементтері туралы

Банкнотада рельефті қалыптастыратын – [алтын интаглио](#) арнайы баспа тәсілі қолданылған. Қазақстан Республикасының елтаңбасы алтын металл бояудың жоғары бедерлі қабатымен басылған.



Банкнотаның бет жақ шеттерінде шығыңқы, жоғары рельефті элементтер бар. Олар қолмен ұстағанда жақсы сезілетін – көру қабілеті нашар адамдарға арналған белгі.



Банкнота бетінде үзік-үзік түрінде екі түсті қорғаныш жіп те бар. Жарыққа тосқанда ол біртұтас жіп ретінде анық көрінеді. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде көк және қызғылт-сары түстердің өзара әсерінен пульсация түрінде динамикалық эффект пайда болады.



Сонымен қатар, банкнотаның бет жағында артефакттың жарқыраған алтын бейнесі түрінде **патч** голографиялық қорғаныш элементі орналасқан. Банкнотаны аударып қараған кезде номиналдың цифрлық кескіні ою-өрнекке ауысқанын байқауға болады.



Банкнотаның екінші бетінде артефакттың көлемі бейнесін көрсететін **Спарк** элементі орналасқан. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде Спарк түсі алтыннан нефрит түсіне өзгереді.



Кейбір жекелеген көркем элементтер банкнотаға алтын түстес жылтырағы бар арнайы – **иридисцентті бояумен** басылған.



Локалды су белгісінің қорғаныш элементі – **электротип**. Жарық түскенде номиналдың бейнесінен тұратын электротип белгісі анық көрінеді.



Номиналы 1000 теңгелік банкноталардың қорғаныш элементтері туралы ақпараттық материалмен мына сілтемелерге өтіп танысуға болады:

<https://nationalbank.kz/kz/news/zashchitnye-elementy-na-banknotah-nacionalnoy-valyuty---tenge>, ҚҰБ YouTube-арнасы: <https://www.youtube.com/watch?v=AJuKWstEj5E>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz